

АКТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№99 (21.652)

12 желтоқсан

жұма

2025 жыл



4 870220 133002 9

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді


www.aqtobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru



16 желтоқсан —
Тәуелсіздік күні!

Егемендік —
ата-бабаларымыздың
ұлт мүддесі
жолындағы өшпес ерлігінің
айқын көрінісі.



Тәуелсіздік — бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу — баршамызға ортақ қасиетті борыш.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Біздің оқырман

ГАЗЕТ ОҚУ — ЗИЯЛЫЛЫҚ БЕЛГІСІ

Жайнагүл ҚАЙРАЛАПОВА,
қалалық техникалық
шығармашылық орталығының
әдіскері



«Ақтөбе» газетінің байырғы оқырманымын. Педагогтер әулетінде тәрбиеленгендіктен, отбасымызбен газеттің әр санын асыға күтетінбіз. Бүгінде балаларды смартфонсыз елестету мүмкін емес. Сөздің шыны керек, соған тәуелдіміз. Тіпті ата-аналар балалары қатардан қалмасын деп соңғы үлгідегі телефон сыйлап жатады. Ал өзім телефонға тәуелді адамның қатарынан емеспін. Әрине, соңғы жаңалықты оқу үшін ғаламторға шолу жасайтыным бар. Бірақ болмашы нәрсеге уақытымды жоғалтқаннан гөрі, мерзімді басылым мен кітап оқығанды жөн көремін.

«Ақтөбе» газетінде бірнеше мазмұнды айдар бар. Соның ішінде «Әдебиет» бетін сүйсініп оқимын. Мұнда жергілікті ақын-жазушылардың еңбектері жарияланып тұрады. Өзім де оқушыларымның жетістікке жеткен сәтін газет бетінен көрсем, бір маркайып қаламын.

Өскелең ұрпақтың, жалаңды

жастардың кітап пен мерзімді басылымды өте аз оқытыны алаңдатады. Сондықтан әлеуметтік желіде белсенділік танытып, түрлі әдеби челленждерге қатысамын. «Ақтөбе» газеті балаларға арналған байқау ұйымдастырса, міндетті түрде оқушыларымызды қатыстырғым келеді. Газет оқу зиялылық пен мәдениеттіліктің белгісі деп санаймын. Неғұрлым көп оқыған сайын, соғұрлым сауатың арта түседі. Сондықтан әлеуметтік желіде уақытты құр өткізбей, ақпаратпен қанығып жүрейік. Қоғамның жаршысына айналған газеттің оқырманы көп болсын!

ЕРЕКШЕ АКЦИЯ!

СІЗГЕ ТИІМДІ • СЫЙЛЫҚ!

ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТКЕ 12 АЙҒА ЖАЗЫЛСАҢЫЗ, 2 КАБАРЛАНДЫРУ (құттықтау, алғыс айту, т.б.)
ТЕГІН БЕРЕ АЛАСЫЗ!

Тел.: 8-777-133-97-39, 8(7132) 90-71-55 (жарнама бөлімі), 8(7132) 90-71-66 (редакция).

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг	20 383,98 тг
		6 ай	12 543,48 тг	10 191,99 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг	7 743,99 тг

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!

Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпараттарды ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция), 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).